



**Түсінік жазба**  
**Оқу үрдісін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**  
**2025-2026 оқу жылында:**

**I. Кіріспе**

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ білім беру үдерісін демократиялық және гуманизм, қолжетімділік пен ашықтық, жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдылығы немесе білім берудің зайырлы сипаты қағидаттарына негізделген білім беру процесін ұйымдастырады.

**Мектептің міндеттері:**

- Мектеп оқушыларының функционалдық қасиеттері мен функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін инновациялық білім беру технологияларын мұғалімдердің білім беру мен тәрбиелеу процесіне белсенді түрде енгізуіне ықпал ету.
- Оқытудың құзіреттілік тәсілін жүзеге асыру негізінде әрбір оқушы тұлғасының өзін-өзі жүзеге асыруына және әлеуметтенуіне ықпал ету.
- Қолданыстағы Мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізуде жоғары нәтижелерге қол жеткізу.
- Қазақстандық білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.
- Сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту.

Мектепте 20 оқушы оқиды.

Кластар саны: 6. Олар: 1,2,3,4,6,7,8,9 сыныптар.

Биылғы оқу жылында 6 сынып жоқ.

Жинақ-сыныптар саны: 6.

Мектептегі оқу тілі қазақша.

Мектептегі оқытылатын шетел тілі - ағылшын тілі.

Мектеп 2 ауысымда 5 күндік жұмыс күнінде оқиды.

**2025-2026 оқу жылындағы 1-4 сыныптардағы оқу процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету төмендегі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:**

1. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 ж. №27 бұйрығымен № 33984 болып тіркелді)  
«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.

**2025-2026 оқу жылындағы 5-9 сыныптардағы оқу процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету төмендегі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:**

1. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығына 6- қосымша)

**II. Бастауыш білім беру.**

Бастауыш білім берудің мақсаты келесі кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру:

- 1) білімді функционалды және шығармашылықпен қолдана білу;

- 2) сыни тұрғыдан ойлау;
- 3) зерттеу жүргізу қабілеті;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін, соның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топтық және жеке жұмыс дағдылары.

2025-2026 оқу жылындағы стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес 1,2,3,4 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» дербес пәндер ретінде жүргізіледі. Сонымен қатар, «Әліпше» және «Ана тілі» пәндері оқытылады, ал 1,2 сыныпта ағылшын тілі оқытылмайды.

Сыныптар бойынша инвариантты апталық жүктеме:

1 сынып – 18,5 сағат (оқыту тілі қазақша)

2 сынып – 22 сағат (оқыту тілі қазақша)

3 сынып – 25сағат (оқыту тілі қазақша)

4 сынып – 25 сағат (оқыту тілі қазақша)

1-4 сыныптар аралығындағы оқушылар саны: 9 оқушы.

1 сыныпта - 2 оқушы.

2 сыныпта - 1 оқушы.

3 сыныпта - 4 оқушы.

4 сыныпта - 2 оқушы.

2025-2026 оқу жылында сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта 1-4 сыныптарда 6 сағаттан сабақ тақырыбы мен күні көрсетілген «Жолда жүру ережелері» кіріктірілген білім беру бағдарламасы жүргізіледі.

Сондай-ақ, мектеп «Өмір сүру қауіпсіздігінің негіздері» кіріктірілген оқу бағдарламасын міндетті түрде енгізуді қамтамасыз етеді, мұнда білім алушылардың төтенше жағдайларда қолданатын практикалық дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. «Өмірсүру қауіпсіздігінің негіздері» курсы 1-4 сыныптарда «Дүниетану» пәні ішінде оқытылады.

Түсіндірме жазба : 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» ӘНХ негізінде жасалды. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. А.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

1. ӘНХ (65-66 бб.) сәйкес вариативтік компоненттен мынадай элективтік курс енгізілді:

- «Көркем жазу» 1 сынып «Ана тілі» пәні бойынша – 1 сағат
- «Математика шыны» 2 сынып «Математика» пәні бойынша – 1 сағат
- «Қызықты грамматика» «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша – 1 сағат
- «Математика әлемінде» 3 сынып «Математика» пәні бойынша – 1 сағат
- «Қызықты математика» 4 сынып «Математика» пәні бойынша – 1 сағат

### III. Негізгі орта білім беру.

Сыныптар бойынша инвариантты апталық жүктеме:

5 сынып – 28 сағат (оқыту тілі қазақша)

7 сынып – 31 сағат (оқыту тілі қазақша)

8сынып – 32 сағат (оқыту тілі қазақша)

9 сынып – 33 сағат (оқыту тілі қазақша)

2025-2026 оқу жылында 5 сынып болмағандықтан жұмыс жоспарында көрсетпедік.

5-9 сыныптар аралығындағы оқушылар саны – 11 оқушы.

5 сыныпта – 2 оқушы.

7сыныпта – 5 оқушы.

8 сыныпта – 1 оқушы.

9 сыныпта – 3 оқушы .

2025-2026 оқу жылында «Өмір сүру қауіпсіздігінің негіздері» интеграцияланған оқу бағдарламасы бойынша оқыту жүргізіледі, мұнда білім алушылардың төтенше жағдайлар кезінде қажетті практикалық дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. «Өмір сүру қауіпсіздігінің негіздері» курсы оқу "Дене шынықтыру» пәні аясында 6-9 сыныптарда жүргізіледі.

5-9 сыныптарда оқу жылында аудиториялық және сабақтан кейінгі сағаттар есебінен әр сыныпта 10 сағаттан «Жолда жүру ережелері» кешенді білім беру бағдарламасы жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылында негізгі орта білім берудің 5,7,8,9 сыныптарында «Өлкетану» курсының материалдары «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнына кіріктірілген. «Өлкетану» курсының материалдарын оқыту мыналарға бағытталған: өлке аумағындағы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі туған өлке аумағындағы тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы негізгі білімді қалыптастыру;

- Отанымыздың табиғи ресурстары, тарихи ескерткіштері мен мәдени орындары туралы білімдерін кеңейту; мәдени және әдеби мұра, өлке мақтанышына айналған тұлғалар туралы білімдерін кеңейту;
- Туған өлкенің қайталанбас табиғатына, тарихы мен мәдениетіне құрмет сезімін тәрбиелеу; оларды қорғау жауапкершілігін арттыру.

«Өлкетану» курсы бойынша материалдар 5,7,8,9 сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту аясында 12 сағат көлемінде, яғни әр сыныпта 4 сағаттан оқытылады. Өлкетану материалдары оқу жоспарының негізгі мен перспективалық жоспарында енгізілген. Бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі сағаттарды тоқсанға бөлу мұғалімнің қалауы бойынша өзгертіндіктен, «Өлкетану» пәні бойынша материалдарды әр сыныпта кіріктірілген түрде оқу ұсынылады.

ӘНХ ( 257-ші бет, 2022-2023 оқу жылы) сәйкес вариативтік компоненттен орта буын берудің оқу процесіне мынадай элективтік курс енгізілді:

«Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

5-9 сыныптарда – 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағат:

2025-2026 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-9 сыныптарда "жаһандық құзыреттілік" курсы жүргізілуіне байланысты.

Курс жаһандық азаматтық құзыреттілігі бар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуге, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдауға және бағалауға, түпнұсқа білім мен идеяларды құру дағдыларына бағытталған. Курстың мазмұны қажетті өзекті ақпаратты зерттеу және іздеу дағдыларын, сыни тұрғыдан түсіну мен рефлексияны, коммуникативті құзыреттілікті дамытуды қамтиды

5-9 сыныптарда курс үш бірліктен тұрады: " парасаттылық және этика", " азаматтық және патриотизм", "өмір қауіпсіздігі"

5 - 0,5 сағат "жаһандық құзыреттілік"

7 - 0,5 сағат "жаһандық құзыреттілік"

8 - 0,5 сағат "жаһандық құзыреттілік"

9- 1 сағат "жаһандық құзыреттілік"

5-9 сыныптар бойынша жалпы оқу апталық жүктемесі:

5-сынып үшін-28,5 сағат

7-сынып үшін-31,5 сағат

8-сынып үшін-32,5 сағат

9-сынып үшін-34 сағат

**КЕЛІСІЛДІ**  
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» КММ басшысы  
П.Барахосва  
2025 жыл

**БЕКІРІЛДІ**  
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ Мектеп директоры  
Габдуллина  
2025 жыл

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім беру (жанартылған бағдарлама бойынша) «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№ пп	Оқу пәндері	Сынып бойынша аптадағы сағат жүктемесі				Апталық сағат саны	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>							
<b>I</b>	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>6</b>	<b>9</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>37</b>	<b>1252</b>
1	Әліппе, ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі (Я2)	-	2	2	2	6	204
5	Шет тілі (Ағылшын тілі)	-	-	2	2	4	136
<b>II</b>	<b>Математика және информатика</b>	<b>4,5</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>21,5</b>	<b>726,5</b>
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	118,5
<b>III</b>	<b>Жаратылыстану</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>5</b>	<b>169</b>
8	Жаратылыстану	1	1	1	2	5	169
<b>IV</b>	<b>Адам және қоғам</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>4</b>	<b>135</b>
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
<b>V</b>	<b>Технология және өнер</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>2</b>	<b>11</b>	<b>371</b>
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Көркем еңбек	-	-	-	1	1	34
12	Еңбекке баулу	1	1	1	-	3	101
13	Бейнелеу өнері	1	1	1	-	2	101
<b>VI</b>	<b>Денешынықтыру</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>12</b>	<b>405</b>
14	Денешынықтыру	3	3	3	3	12	405
<b>Инвариантивтік оқу жүктемесі</b>		<b>18,5</b>	<b>22</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>90,5</b>	<b>3058,5</b>
<b>Вариативтік компонент</b>							
Вариативтік оқу жүктемесі		1	2	1	1	5	169
«Көркем жазу»		1					
«Математика шыңы»			1				
«Қызықты грамматика»			1				
«Математика әлемінде»				1			
«Қызықты математика»					1		
<b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>		<b>19,5</b>	<b>24</b>	<b>26</b>	<b>26</b>	<b>95,5</b>	<b>3227,5</b>

КЕЛІСІЛДІ

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» КММ бастығы

П.Барахосва  
2025 жыл

БЫСТІЛДІ

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ Мектеп директоры

2025 жыл

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім беру (жаңартылған бағдарлама бойынша) «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		5	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11		
1	Қазақ тілі	3	3	2	2	44	1496
2	Қазақ әдебиеті	2	2	3	3	10	340
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	10	340
4	Шетел тілі	3	3	3	3	12	408
	Математика және информатика	6	6	3	3	12	408
5	Математика	5	-	6	6	24	816
6	Алгебра	-	3	-	-	5	170
7	Геометрия	-	2	3	3	9	306
8	Информатика	1	1	2	2	6	204
	Жаратылыстану	2	7	1	1	4	170
9	Жаратылыстану	2	-	8	8	25	850
10	Физика	-	2	-	-	2	68
11	Химия	-	1	2	2	6	204
12	Биология	-	2	2	2	5	170
13	География	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	3	3	3	4	6	204
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	13	442
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	8	272
16	Құқық негіздері	-	-	1	1	4	136
	Технология және өнер	3	1	-	-	1	34
17	Музыка	1	-	1	1	6	204
18	Көркем еңбек	2	1	-	-	1	34
	Дене шынықтыру	3	3	1	1	5	170
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	408
	Инварианттық оқу жүктемесі	28	31	32	33	124	4216
Вариативтік компонент							
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	1	2,5	85
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-
	Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	1	2,5	
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	28,5	31,5	32,5	34	126,5	4301